# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

6 ҚАЗАН СЕЙСЕНБІ | 2015 жыл №150 (19038) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz


## «КАЗКОММЕРЦБАНК» КӨМЕККЕ КЕЛДІ

**Облыс басшылығы аймақ экономикасын өркендетуге даңғыл жол ашатын іс-шараларды жүйелі түрде жүзеге асыруда. Сыр өңірінің әл-ауқатын арттыратын ірі жобаларды, сондай-ақ шағын және орта бизнесті өрістету үшін көптеген қаржы институттарымен сәтті серіктестік орнады. Ұтымды нәтиже беретін бұл іс жалғасын табуда. Өткен сенбіде «Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамының басшылығы аймақтың баянды бастамаларын қолдайтынын мәлімдеді.**

Осының аясында облыс әкімдігі мен «Казкоммерцбанк» АҚ ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойды. Меморандумға сәйкес, қос тарап Қызылорда облысының кәсіпкерлік субъектілерімен экономикалық белсенділігін арттыру бойынша бірлесе жұмыс жасайды. Осы меморандум аясында әкімдік пен банк шағын және орта бизнестің индустриалдық-инновациялық жобаларын қолдауға, қазақстандық мазмұнын арттыру мақсатында өңдеу өнеркәсібі саласындағы инвестициялық жобалардың енгізілуіне аса көңіл аударады.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев «Казкоммерцбанк» АҚ басқарма төрағасына ұсынысты қолдағаны үшін алғысын білдіріп, банк қызметкерлерінің жұмыстарына табыс тіледі.

– Біздің аймағымыз серіктестік орнату үшін өте қолайлы. Біз ЕҚҚДБ, АДБ, БҰҰ даму бағдарламасы және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесе жұмыс жасаймыз. Кеше облысымызда орта тапты қалыптастыру бойынша дөңгелек үстел отырысы өтті. Сіздің шағын және орта бизнесті қолдау бойынша бірлескен жұмыс тобын жасау жөніндегі ұсынысыңызды қолдаймын, – деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

– «Казкоммерцбанк» – Қазақстандағы ең ірі несие беруші банк және отандық кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың белсенді қатысушысы. Сондықтан банк жергілікті атқарушы билік органдармен тиімді серіктестік қарым-қатынасты орнатуға мүдделі және Қызылорда облысы кәсіпорындарымен әріптестікті нығайтуға, кеңейтуге бағытталған. Сондай-ақ, біз жоспарлаған мемлекеттік бағдарламалардың бәрін жүзеге асыруды жалғастырамыз және өз тарапымыздан ұтымды жобаларды тиімді келісімшарт негізінде қаржыландыруға дайынбыз, – деді банк басқарма төрағасы Мағжан Әуезов.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Наталья Годунова және облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Мирас Төлебаев аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы айтып, әлеуетті серіктестік салаларын таныстырды. Өз кезегінде «Казкоммерцбанк» АҚ басқарма төрағасы М.Әуезов және басқарушы директорлар банк қызметі туралы айтып берді. Бұдан кейін банк делегациясы өңір кәсіпкерлермен кездесіп, бірқатар өндірістік нысандарды аралады.

**Дәурен ОМАРОВ.**

● БЕРЕКЕ

# ҚАМБАМЫЗ ДӘНГЕ ТОЛҒАН ҚАЗЫНАЛЫ ЖЫЛ

**Сыр диқандары биылғы жылы күріштің әр гектарынан 50,5 центнер өнім жинап, ел қамбасына 423 мың тоннадан астам астық құйды. Мұндай рекордтық көрсеткіш соңғы 3 жыл қатарынан қайталанып отыр. Сенбі күні облыс әкімі Қ.Көшербаевтың қатысуымен облыстық драма театрында биылғы егін жинау қорытындысы бойынша өндіріс озаттарын марапаттау салтанаты өтті. Онда аймақ басшысы ауылшаруашылық саласы мамандарын қол жеткізген табыстарымен құттықтады.**






– Қазақ халқында: «Несібесі мол елдің егіні бітік шығады» деген сөз бар. Кеше ғана Сыр диқандары ала жаздай күтіп-баптаған егіндерін жинады. Биыл да егіншілеріміз мол өнім алып, үшінші жыл қатарынан рекордтық көрсеткіш берді. Соңғы жылдары облысымыздың ауыл шаруашылығы саласы жақсы дамып келеді. Сыр елінің басты дақылы – күріш өндірісінің көлемі 11,6% өсіп отыр. Мал шаруашылығы бойынша ірі қара, жылқы және түйе басының саны ең берекелі 90 - жылғы деңгейден асып түсті. Ал агроөнеркәсіп кешеніне салынған инвестиция көлемі 7,7 есеге өсті, – деді облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы.

Аймақ басшысы облыста ауылшаруашылық саласын дамытуға қатысты атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті. Бүгінде тамшылатып суару әдісімен жүгері және қызанақ егіп, крахмал, томат пастасын өндіру жобаларының алғашқы жұмыстары басталып кетті. Сондай-ақ, облыс әкімі Сыр қауынының әлеуетін арттыру керектігін айтты. Кезінде Жаңақорған мен Қазалы арасындағы әр станцияда жұмыс жасаған қауын қабылдау пункттерін біртіндеп ашу мәселесі бойынша инновациялық жобаларды іске қосуға «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының мүмкіндіктері қарастырылатын болады.

Аймақта егін шаруашылығымен бірге мал, балық шаруашылығын дамыту барысында да табыс көп. Бұл салаларды әрі қарай дамыту мақсатында Жаңақорған ауданында бірінші рет Малшылар слеті және Арал ауданында Балықшылар слеті өтті. Айта кетейік, биыл облыста қуаты жылына 7 мың тонна тоқты етін өңдейтін ет комбинатын және ірі мал бордақылау алаңдарын салу жұмыстары қолға алынды.

Салтанатты жиында Қазақстанның Еңбек ері, облыстық күріш өндіруші және қайта өңдеушілер ассоциациясының төрағасы Абзал Ералиев Елбасыға арналған Үндеуді оқыды.

Мұнан соң облыс әкімі Қ.Көшербаев облыстың ауыл шаруашылығы саласының еңбек озаттарын 24 түрлі номинациямен марапаттап, заттай сыйлықтар табыстады. Сонымен қатар, «Мал шаруашылығы бойынша озат аудан» аталымын Арал ауданы жеңіп алды. «Егін шаруашылығы бойынша озат аудан» болып Сырдария ауданы танылды. Ал «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша озат аудан» аталымы Қазалы ауданына табысталды. Егіні бітік шыққан Жалағаш науқан қорытындысы бойынша «Үздік аудан» деп танылды.

Ауыл шаруашылығы саласының еңбек озаттарын марапаттау салтанаты мерекелік концертке ұласты.

**Д.ОМАРОВ,**
**Б.ЕСЖАНОВ** (сурет).

● ЖОБА ЖЕМІСІ

## ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

**Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының бір топ мамандарымен кездесіп, марапаттады.**

Айта кету керек, Ұлттық ғылыми хирургия орталығының мамандары ағымдағы жылдың мамыр айынан бастап облысымызда жүрек-қан тамырлары, тыныс жолдары және бүйрек ауруларын төмендету, бастапқы санитарлық-медициналық көмек көрсету деңгейінде ауруды ерте анықтап, тиісті көмек көрсету бағытындағы жоба негізінде жұмыс жасауда.

Мәліметтерге сүйенсек, жұмыс басталғаннан бергі төрт ай ішінде нефролог дәрігерлер 2000 адамды қабылдаса, невролог мамандардың қарауында – 505, гепатолог дәрігерлердің тексерісінде 175 тұрғын болған. Осы уақыт аралығында кардиологтың қарауынан 600 тұрғын өтсе, 406 қаралушы пульмонолог дәрігердің тексерісіне жүгінген. Дәрігерлерге қаралған тұрғындардың жартысынан астамына медициналық көмек көрсетілген. Атап айтқанда, республикалық клиникаларға жоғары медициналық көмек алуға жолданса, бірнеше науқас ағза ауыстыру парағына тіркелген.

2-бет

● ТАРТУ

## КӨПТЕН КҮТКЕН КӨРКЕМ МЕШІТ АШЫЛДЫ

**Мешіт – имандылықтың ордасы, рухани құндылықтар мекені. Ал иман бар жерде ынтымақ пен бірлік, татулық пен достық қауыз жарары белгілі. Осындай имандылық үйлері Сыр өңірінде жыл санап көбейіп келеді. Бүгінгі таңда облыста 152 мешіт болса, жуырда оның саны тағы біреуге артты. Дәлірек айтсақ, қазан айының 4-і күні Қызылорда қаласының Саламатов көшесінде бой көтерген жаңа мешіттің ашылу рәсімі өтті. Оған Еңбек ері Абзал Ералиев, Мүсірәлі баба атындағы қор төрағасы Сәмит Далдабаев, «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бас имамы Талғат Омаров және қала қонақтары қатысты. Салтанатты түрде ашылған мешітте алдымен аруақтарға құран бағышталып, бата берілді.**



Имандылық үйі «Абзал и К» толық серіктестігінің қолдауымен, Қазақстанның Еңбек ері Абзал Ералиевтің бастамасымен салынған. Жаңа мешіттің жоба-үлгісі Алматы қаласында әзірленген. Алланың жердегі үйінде 400 адамға арналған үлкен зал, әйелдер бөлмесі, дәрісханалар, бас имамның бөлмесі бар. Рухани орынмен іргелес имамдарға арналған қосымша екіқабатты ғимарат бой көтерген. Мешіт құрылысын жүргізген бас мердігер – «Абзал Проект Консалтинг» ЖШС. Нысан құрылысы 2014 жылдың қыркүйегінде басталып, өткен айда аяқталған.

Қазіргі кезде жаңа сәулетті мешіт «Ақмешіт» шағын ауданының архитектуралық келбетіне өзіндік сән қосып, ажарын аша түсті. Жобаның жалпы құны 210 млн теңгені құрайды.

Салтанатты жиында «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Талғат Омаров Еңбек ері Абзал Жұмашұлына ҚМДБ төрағасы Ержан қажы Малғажыұлының алғысын жеткізіп, қасиетті Құран кітабын сыйға тартты. Сондай-ақ Талғат Омаров көпшілікке жаңа мешітке тағайындалған бас имам Берік Арынды таныстырды. Ол бұрын «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде ұстаздық қызмет атқарған.

Ал Абзал Ералиев имандылық үйі қызылордалықтарға адал қызмет ететініне сенім білдірді.

– Қазаққа қанша мешіт ашсаң да көптік етпейді. Бұған дейін «Ақмешіт», «Мерей» аудандарында мешіт болған жоқ. Ал мұндағы тұрғындар саны 25 мыңнан асады. Екі шағын аудан мен онымен іргелес Шымбай, Рисмаш қоныстарының тұрғындары қала орталығындағы мешіттерге құлшылық қылуға барады. Әрине, Алланың жолында уақытты үнемдеу асылық шығар, дегенмен, қолайсыздық тудырып келгені. Осыны көптен бері байқап жүргендіктен «Абзал және К» толық серіктестігі ортақ шешімге келіп, мешіт салу ісін қолға алдық. Жаңа мешітті Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына жасаған тартуымыз деп



қабыл алыңыздар, – деді Қазақстанның Еңбек ері, «Абзал және К» толық серіктестігінің директоры Абзал Ералиев.

Имандылық үйіне Мүсірәлі баба есімі берілді. Мүсірәлі Тікешұлы Тәуке хан тұсында Бас хазірет болып, ел аузында «сопы әзіз» аталып кеткен. Араб тілінен аударғанда «әзіз» – қымбатты, құрметті деген мағына береді. Мүсірәлі бабаның әйгілі «Жеті Жарғы» заңдар жинағын жасауға қосқан үлесі де ауқымды

Айта кетейік, Қазақстанның Еңбек ері Абзал Ералиев бір жылдың ішінде екі мешіт салып отыр. Бұған дейін тамыз айында Сырдария ауданындағы Кеңес Одағының Батыры Нағи Ілиясов атындағы ауылда әсем де үлкен мешітті мұсылман жамағаттың пайдалануына берген болатын.

**Дәурен СЕЙІТЖАНҰЛЫ,**
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ** (сурет).

## ЖАҢА ИППОДРОМДАҒЫ АЛҒАШҚЫ АЛАМАН

Халқымыздың тектілігі мен ептілігінен хабар беретін ұлттық спорт түрлеріне деген қызығушылық Сыр өңірінде әу бастан жоғары. Әсіресе, ат спорты серпін алған. Алайда, ипподромның жоқтығы қызылордалық спортшылардың биік белестерден көрінуіне қолбайлау болатын. Бірнеше жыл бұрынғы ипподром белгілі бір себептермен жабылып, жер телімі жекеменшікке беріліп кеткен. Әйтсе де біздің жігіттер республикалық сайыстарда есесін жібермей, бестіктен табылып жүрді. Ал өткен жылдың қыркүйек айында жаңа ипподромның құрылысы басталған болатын. 57 гектар аумақты алып жатқан жаңа нысан «Алтын күз-2015» мерекесіне орай ресми ашылып, ашылу құрметіне бәйге ұйымдастырылды.

Жаңа ипподром ашылу салтанатына қатысқан аймақ басшысы Қ.Көшербаев облыс жұртшылығын мерекелерімен құттықтады.

– Қазақта атқа байланысты теңеулер, әндер, жырлар көп. Бұл жылқы жануарын киелі санағанның белгісі. Республикалық жарыстарға облысымыздан қатысқан ауыздығынан жел ескен Император, Қара қыз секілді тұлпарлар ел аузында аңыз болып айтылып жүр. Бүгін пайдалануға беріліп отырған жаңа ипподромда сол сәйгүліктердің ізін жалғайтын тұлпарлар шығатынына сенімдіміз. Мереке баршаңызға құтты болсын, – деді облыс әкімі.

Облыс орталығында жаңадан пайдалануға берілген ипподром мемлекеттік жеке-әріптестік аясында «ҚазГерМұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қаржысына салынды. Халықаралық талаптарға сай салынған нысанда ат спорты түрлерін үйрететін үйірмелер жұмыс жасайтын болады. Енді аймақта жоғары деңгейдегі жарыстарды өткізіп, ұлттық спортты дамытуға мүмкіндік бар.

Күні кеше облыста егін жинау науқаны аяқталды. Диқандар биылғы жылды табысты аяқтады. Солардың арасында ауылшаруашылық үздіктері мереке барысында марапатталып, автокөлік кілттері табысталды.



Ат бәйгесі аламан, құнан, тоқ бәйге түрі бойынша өтті. Дүбірлі жарысқа Алматы, Шымкент, Тараз және Қызылордадан 42 тұлпар қатысты. Құнан бәйгеде шиелілік Маханбет Майлыбайдың Риана атты сәйгүлігі топ жарды. Ал қызылордалық Сабырхан Ерасыл шапқан Дарабоз атты тұлпар тоқ бәйгеде шашасына шаң жұқтырмады. Ал 25 шақырымға созылған аламан бәйге жарыс көрігін қыздырды. Көрермендердің қиқуы сәйгүліктерге шабыт берді. Бұл сында қызылордалық Айторы есімді жылқы жеңімпаз атанды. Шабандозы – Ерболат Досжанов, ат иесі – Талғат Киікбаев. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері ақшалай сыйлықтармен және арнайы дипломдармен марапатталды.

**Нұрбек САҒАДАТ.**





● ЖӘРМЕҢКЕ

# АЛТЫН КҮЗ – МОЛШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

**Қала тұрғындары үшін «Алтын күз» мерекесінің ең бір сыбағалы сәті – ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі. Облыс орталығындағы жәрмеңкеге барлық аудан мен қала маңындағы шаруа қожалықтарынан 522 көлікпен 1690 тонна өнім әкелінді. Жалпы сомасы 406 миллион теңгені құрайды. Ауылшаруашылық дақылдары нарық бағасынан 15-20 пайыз арзан сатылды. Жәрмеңкелер облыс орталығының 9 шағын ауданында өтті. Аймақ басшысы Қ.Көшербаев барлық жәрмеңкені аралап, тұрғындармен тілдесті.**





Ең алдымен облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы қаланың Әйтеке би көшесі бойындағы Ескі базар аумағын қамти орналасқан Қызылорда қаласы еңбеккерлерінің жәрмеңкесіне барды. Жәрмеңкеде жалпы көлемі 1 557 тоннаны құрайтын қырықтан астам өнім түрі ұсынылды. Мұндағы өнімдердің бағасы базарлар мен өзге де сауда орындарының нарқынан төмен. Мысалы, сиыр етінің бір келісі 950-1000 теңге болса, картоп пен сәбіздің келісі 60 теңгеден сатылды.

Қармақшы ауданының еңбеккерлері де «Алтын күз» торқалы тойына толымды тартуымен келіпті. «Мерей» шағын ауданында өткізілген жәрмеңкеге қармақшылықтар 25 миллион теңгенің өнімін әкелген. Бағасы да былайғы нарықтан төмен. Бұған қоса, аудан басшылығы қаладағы тұрмысы төмен он отбасына қайырымдылық жасады. Олардың үйлеріне азық-түлікті молынан жеткізіп берген.

Өзге аудандар да тоқшылық тойынан аянып қалмады. Аралдық ағайындар жер шалғайлығына қарамастан, өнімнің түр-түрін әкеліпті. Әсіресе, көпшіліктің аңсары Аралдың балығы мен етіне ауды. Әдетте, сырбойылықтар сүйіп жейтін сазан балығы базарда кемінде 650 теңге тұрады. Ал мұнда 500-550 теңгеден қасқағым сәтте сатылып кетті. Әсіресе, үйітілген қойдың саудасы қызды. Тарқатып айтар болсақ, Арал ауданы жәрмеңкеге 25 тонна ұн, 10 тонна жем, 12 тонна балық, 10 тонна тұз, 80 бас ұсақ мал жеткізді. Соның нәтижесінде, облыс халқына жалпы құны 18,8 млн теңгенің өнімдері сатылды.

Ал қаланың «Шұғыла» шағын ауданында Қазалы ауданының жәрмеңкесі өтті. Мол әрі арзан өнім алып қалуға тырысқан қызылордалықтар мұнда ертемен жиналды. Қазалылықтар ұсынған сүт өнімдері мен тіл үйірер тәтті кәмпиті, шеберлер қолынан шыққан небір тұрмысқа қажетті қолөнер бұйымдары мереке мәзірін байыта түсті. Көпшіліктің сұранысын өтеген жәрмеңкеде 22 млн теңге болатын 197 тонна өнім сатылды.

Жалағаштықтар ел-халыққа жомарттық танытудан да кенде қалған емес. Титов шағын ауданындағы Ә.Қашаубаев көшесі бойында өткізілген жәрмеңкеге 82 көлікке 208 тонна азық-түлік өнімдерін тиеп келген. Қала тұрғындары ел несібесін молайтқан жалағаштықтардың жомарттығы мол жәрмеңкелерінен көңілді күймен тарасты.

Биылғы жылдың алтын күзі сырдариялық диқандар үшін молшылығы мол берекелі де мерекелі сәт болып отыр. Өйткені, 19755 гектар алқапқа ақ маржан еккен егінші-механизаторлар егістік алқаптың әр гектарынан 55,1 центнерден өнім жинап, қамбаларына 108850 тонна алтын астық құйып алды. Қаладағы Жанқожа батыр көшесінде өткен жәрмеңкеге сырдариялық еңбеккерлер өздері жаз бойы егіп-баптап, күткен өнімдерін қала тұрғындарына ұсынды.

Оңтүстік екі аудан – Жаңақорған мен Шиелі де жәрмеңкеге барын салған. Аудандардағы ірілі-ұсақты шаруашылықтар түгелдей атсалысып, ауыл-ауылдан келген еңбеккерлер молшылық мезгілдің несібесімен бөлісті.

Қаланың әр қиырында өткен жәрмеңке қызылордалықтарды арзан бағамен азық-түлік өнімдеріне кенелтті десек, асыра айтқандығымыз болмас. Жәрмеңкенің басты талабы – әрдайым тұтынушының талғамы мен сұранысын қанағаттандыру. Олай болса, мерекелі де берекелі жәрмеңке көпшіліктің көңілінен шықты деуге әбден болады.

**Дәурен ОМАРОВ,**
**Бағдат ЕСЖАНОВ** (сурет).

# ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҚ МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Кездесуде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жобаның маңыздылығына тоқталып, Жеткерген Арзықұлов бастаған А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының мамандарына алғысын айтты.

– Ұлттық орталықтың білікті де білімді мамандарының жоғары деңгейде ұйымдастырушылығының нәтижесінде біздің аудан-ауылдардағы тұрғындарымыздың денсаулық деңгейі бақылануда. Бұл жоба осынысымен де құнды. Жалпы, облыстың денсаулық сақтау саласы жіті назарымызда. Облысқа қажетті түрлі жобаларды іске асыруда әрдайым қолдау білдіруге дайынбыз. Осы орайда өңір тұрғындарының денсаулығын нығайтуға, денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосқандарыңыз үшін сіздерге алғыс айтамын, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде Ұлттық орталықтың директоры Жеткерген Арзықұлов сөз алып, денсаулық сақтау саласына қамқорлық танытып, жобаның жүзеге асуына қолдау білдірген облыс әкіміне әріптестері атынан ризашылығын білдірді.

Кездесу барысында сонымен бірге орталықтың бүйрек трансплантациясы бөлімінің меңгерушісі Орынгүл Нарманова жоба аясында төрт ай көлемінде атқарған жұмыстарымен таныстырып, алда тұрған міндеттерге тоқталды.

Жиын соңында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев орталық мамандарын Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және Алғыс хатпен марапаттады.

1-бет

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

**Жаһандану кезеңінде жалпы қазақстандық мәдениетті дамытуға ұлттық құндылықтардың қуат көзі саналатын отбасылық тәрбие оң ықпал ететіні даусыз. Жасөспірімдер арасындағы отбасылық тәрбие, олардың репродуктивті денсаулығы және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар облыс әкімінің орынбасары, отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссия төрағасы Рауан Кенжеханұлының қатысуымен комиссия отырысында қаралды.**

# ОТБАСЫ – ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚУАТ КӨЗІ

Отбасы құндылықтарын дамытуға әлеуметтік институттардың шоғырлануы, жастар мен жасөспірімдерге адамгершіліктің негізін, түсіндіру жұмыстарының маңызы ерекше. Комиссия отырысында жасөспірімдер арасындағы отбасылық құндылықтарды қалыптастыруда мемлекеттік ұйымдардың ықпалдастығы және негізгі басымдықтар талқыланды.

Елімізде жастар мен жасөспірімдер арасында келеңсіз жағдайлардың саны мен сипаты артып отыр. Жасөспірім қыздар арасында ерте жүктілік, мектеп оқушылары арасында суицид, құқықбұзушылық, жас отбасылардың ажырасуы кеңінен таралды. Өткен жылы ажырасу 7,9 пайызға азайғанымен, биылғы жартыжылдықтың өзінде 14,8 пайызға өскен. Облыста әлеуметтік жетімдіктің алдын алу, өмірдің қиын жағдайына ұшыраған әйелдер үшін дағдарыс орталығы, аналар үйі жұмыс жасайды. Оған келушілердің саны артуына байланысты жақын арада екінші аналар үйі ашылған. Бүгінгі күні онда 21 әйел, 17 бала бар.

Отбасылық институтты нығайту, құндылықтарды дәріптеу мақсатында комиссия ұсынысымен құрылған әйелдер кеңесі, «Сыр аналары» қоғамдық қорының төрайымы Нұрсәуле Мұсаева қыздар тәрбиесіне аса көңіл бөліп, жұмыс жасауға дайын екенін алға тартты. Ерте жүктіліктің зияны, оның денсаулыққа, ертеңгі болашақ өміріне әсері жөнінде барлық оқу орындарында тиісті мамандардан құрылған жұмысшы топ ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысы Сапар Рахменшеев жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын бақылауда, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ақпараттық-танымдық жұмыстардың маңызына тоқталды. Жастар арасында отбасын жоспарлау, өмірлік жар таңдау, репродуктивті денсаулықты қорғау мәселелері туралы жүргізілген сауалнама нәтижесін жариялады. Жасөспірімдердің ерте басталған жыныстық белсенділігі әлеуметтік мәселе туындатып отыр. Осыған байланысты мектептерде орта және жоғары сыныптың қыз балаларына репродуктивті денсаулық мәселелерін түсіндіру жұмыстары өз дәрежесінде емес деп айтуға болады. Себебі, қазіргі таңда мектеп бағдарламасынан «Валеология» пәні алынып тасталған. Жоғары сыныптың қыздарына ұрпақ өрбіту, ер мен әйелдің қарым-қатынасы, жасанды түсіктің зияны, қалаусыз жүктіліктің алдын алу, ерте жыныстық қатынасқа түсудің зардаптары, отбасын жоспарлау туралы ақпарат берілуі керек. Репродуктивті тәрбие отбасында да, мектепте де жүрмесе, бала ақпараттың барлығын басқа көздерден алады. Мектептерде ақпараттандыру жұмыстары жүйелі жүргізуді қажет етеді.

Комиссия отырысында облыстық денсаулық сақтау басқармасына білім басқармасымен бірлесіп, 1 ай көлемінде барлық мектептерде денсаулықты сақтау жөнінде ақпараттық бұрыш құру бойынша тапсырыма берілді.

Басқосуда отбасылық-демографиялық саясатты дамыту, оның ішінде жасөспірімдер тәрбиесі бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы Шиелі ауданы әкімінің орынбасары Тұрмағанбет Жағыпаровтың есебі тыңдалды. Барлық аудандардың әлеуметтік салаға жетекшілік ететін аудан әкімі орынбасарларының жұмысына жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық, ерте жүктілік, суицид көрсеткіштері деңгейімен баға беріледі. Күн тәртібіндегі мәселелерге орай әр аудан, қала әкімдіктері кешенді жоспар құрып, тиісті мемлекеттік органдарды, үкіметтік емес ұйымдарды қатыстыра отырып, нақты шараларды іске асыру қажет.

Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қосымша үйірмелер, салауатты өмір салтын қалыптастыру шараларын көбейту ұсынылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен бірлесіп халық арасында жасөспірімдердің тәрбиесі жөнінде түсіндірме жұмыстарын кеңінен жүргізу керек. Ол үшін барлық аудандарда отбасылық тәрбиенің мәнін түсіндіру бойынша әлеуметтік жобаларды көбейтудің маңызы зор.

**М.МЕРЕЙ.**

● МАРАПАТ

## «АЛТЫН КҮЗ-2015» САЛТАНАТТЫ ШАРАСЫ АЯСЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША МАРАПАТТАЛҒАН ЕҢБЕК ОЗАТТАРЫ

**Ауыл шаруашылығы саласы бойынша облыстың озат ауданы** – Жалағаш, аудан әкімі Дүйсебаев Талғат Тұрсынұлы.

**Егін шаруашылығында үздік жетістіктерге жеткен озат аудан** – Сырдария, аудан әкімі Қазантаев Ғанибек Қонысбекұлы.

**Мал шаруашылығында үздік жетістіктерге жеткен озат аудан** – Арал, аудан әкімі Мұхимов Абзал Сансызбайұлы.

**Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуде үздік жетістіктерге жеткен озат аудан** – Қазалы, аудан әкімі Шамұратов Нәжмадин Шәкизадаұлы.

**Озат егін шаруашылығы** – 1-орын, Сырдария, «Мағжан және К» ЖШС, директоры Ералиев Дархан.

**Озат егін шаруашылығы** – 2-орын, Жалағаш, «Ер-Әлі» ЖШС, директоры Бекжанов Әліби.

**Озат егін шаруашылығы** – 2-орын, Қармақшы, «Жаңажол» ЖШС, директоры Әбішев Қылышбек.

**Озат егін шаруашылығы** – 3-орын, Шиелі, «Ақмая» ШҚ төрағасы Жұмбеков Дәулет.

**Озат егін шаруашылығы** – 3-орын, Қармақшы, «Ақтөбе және К» ЖШС, директоры Іздібаев Нұрлан.

**Озат өңдеу кәсіпорны** – Қызылорда қаласы «Жан-Арай» ЖШС, директоры Мақашов Бақдәулет.

**Озат бригадир** – Қожанов Сәрсенбай. Сырдария, «Қызылдихан» ШҚ.

**Озат бригадир** – Аманжолов Сайлау. Жалағаш, «Сәрке Батыр» ЖШС.

**Озат бригадир** – Меңлібаев Бақыт. Қармақшы, «Достық жер МК» ЖШС.

**Озат комбайншы** – Жиенәлиев Серік. Қармақшы, «Тұрмағанбет» ЖШС.

**Озат жатка машинисі** – Бекетов Қайырбек. Қазалы, «РЗА Агро» ЖШС.

**Озат күріш өсіруші** – Ыбыраев Жәнібек. Сырдария, «Мәди қажы» ЖШС.

**Озат күріш өсіруші** – Әлімбаев Үсен. Жалағаш, «Байтабын» ЖШС.

**Озат күріш өсіруші** – Төлеуов Айбек. Қазалы, «Сыр маржаны» ЖШС.

**Озат сушы (гидротехник)** – Қалышев Марат. Шиелі, «Шиелісушар» өндірістік учаскесі.

**Озат жоңышқа өсіруші** – Бегманов Әбласан. Жаңақорған, «Қожахан-ата» ШҚ.

**Озат көкөніс өсіруші** – Абдуллаев Зуфыхар. Жаңақорған, «Диқан-баба» ШҚ.

**Озат картоп өсіруші** – Рахман Қоңырат. Шиелі, «Алтын дән» ШҚ.

**Озат бидай өсіруші** – Үсенов Бейсенбек. Жаңақорған, «Арай» ШҚ.

**Озат бақша өсіруші** – Есімов Аманкелді. Арал, «Әулие төбе» ШҚ.

**Озат бағбан** – Нұрсайтов Мұрат. Қызылорда қаласы, «Абай» ШҚ.

**Озат агроном** – Ералиев Төлеу. Қармақшы, «Жаңа жол» ЖШС.

**Озат мақсары өсіруші** – Құрманбаев Бақыт. Шиелі, «Ақмая» ШҚ.

**Үздік теледидар тілшісі** – «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының редакторы Жақанов Әділбек.

**Үздік газет тілшісі** – Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің аға тілшісі Оралбаева Жұмагүл.

**Үздік газет тілшісі** – Қызылорда облыстық «Кызылординские вести» газетінің тілшісі Жакибаева Мира.

## ТАҒАЙЫНДАУ



**Облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы лауазымына Делмұханов Марат Нұрсайынұлы тағайындалды.**

М. Делмұханов 1979 жылы Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданында дүниеге келген.

2000 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін – бухгалтер-экономист, 2006 жылы аталған университетті заңгер мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2001 жылы Батыс Қазақстан облысының экономика басқармасының бас маманы ретінде бастаған. 2002-2010 жылдары Батыс Қазақстан облысы әкімі аппаратының талдау-эксперттік бөлімінің бас маманы, ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас инспекторы, бөлім меңгерушісі, облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары, 2010-2013 жылдары Маңғыстау облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас инспекторы, бөлім меңгерушісі, Маңғыстау облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметтерін атқарған.

2013 жылдан бастап осы кезге дейін Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келді.

● ХАЛЫҚ МАРКАСЫ – 2015

# «РЗА»-ның ӨНІМІНЕ ЖҰРТ РИЗА

Аудан, облыс, республика көлемінде қала берді алыс-жақын шет мемлекетттерде «РЗА» акционерлік қоғамының әзірлеген өнімдері жақсы танымал. Оған бір мысал келтіре кетсек. Мұнан бірнеше жыл бұрын ауданда өткен үлкен асқа Омбы қаласында тұратын қандасымыз қонақ ретінде қатысты. Өзі де ақжарқын, кішіпейіл жан екен. Кез келген адаммен тез тіл табысатын дағдысымен ортаға жылдам сіңісіп кетті. Менің тілші екенімді білген соң Қазалы жайлы, оның тарихы, тұрғындарының кәсібі туралы сұрастыруға көшті. Өзіме мәлім жайтты барынша жеткізуге тырыстым. Әңгімеміз біртіндеп шаруашылық жайына ойысты. Мен аудан мақтанышы, іргелі кәсіпорын саналатын «РЗА» АҚ, оның беделі биік басшысы Самұрат Имандосов ағамыз жайлы айта бастадым. Қонағымыз әсерленіп сала берді. Астан соң аталған кәсіпорында әзірленетін өнімдерді көзімен көріп, дәмін татты. Сапасын, дәмін ұнатып, жылы лебізін білдірді. Біз де масаттанып қалдық. «Елдің атын – ер шығарады» деген халық даналығының мағынасын онан әрі терең ұғынғандаймыз.

Акционерлік қоғамның тыныс-тіршілігі, жетістігі, келешектегі жоспарлары жайлы аз жазылып жүрген жоқ. Алайда, мақтауға лайықты болса, неге паш етпеске? Өзіңіз ой елегінен өткізіп байқаңызшы. Әлемді дағдарыс салқыны шарпыған тұста бірде-бір жұмыс орнын қысқартпай, мыңнан астам адамды тұрақты кәсіппен қамтып, отандық өнім өндіруді жолға қойған кәсіпорын қандай да құрметке лайық.

Акционерлік қоғамға қарасты «Асыл түлік» ЖШС – асыл тұқымды сиыр фермасы заманауи үлгіде салынған нысан. Бүгінде атына заты сай кешенде 1800 бас мал күтімге алынған. Мұндағы 820 бас сүт бағытындағы аналық сиырдың 600-і күн сайын сауынға түседі. Өнімі бөтен емес. Сиырдың – сүті тілінде, олай болса, құны алтынмен тең ірі қараларды жем-шөппен қамту – басты тақырыптың бірі. «РЗА» АҚ бұл түйінді толық шешкен. «РЗА агро» ЖШС жанынан құрылған жем-шөп дайындау бригадасы малазығындық дақылдар өсіріп, жем-шөптің жеткілікті қорын жасауды жолға қойған. Құрамында қуатты дәрумендер мол сүрлемдік жүгері толтырылған қамбалар қысқа сақадай сай тұр.

Аудандағы агроөнеркәсіп кешенінің дамуына «РЗА» АҚ-ның қосқан үлесі қомақты. Сәл бұрын шаруашылығы қожыраған бірнеше елді мекенге инвестор болу арқылы тіршілігі шатқаяқтаған ауылдағы ағайынның қолтығынан демеді. Осындай нақты әрекеттер дала перзенттерінің кеудесіне сенім ұялатты. Нәтижесінде Мұратбаев, Түктібаев, Майдакөл, Бекарыстан би ауылдарының тұрғындары жұмыспен қамтылды. Күріш өндірудің кластерлік жүйесін енгізу тұрғысында Оңтүстік Корея елінен шыққан, сағатына 5 тонна күріш ақтайтын өңдеу зауыты іске қосылды. Кешенде жоғары сортты өнім дайындалады. Озық үлгідегі құрал-жабдықтармен жарақталған өндірістік-техникалық зертханада білікті мамандар шикізаттың санын, сапасын қалт жібермей қадағалайды.

Бұған қоса, кәсіпорынның нан зауытында нан өнімдерінің әлденеше түрлері әзірленеді. Жағымды иісі танауынды қытықтаған жаңа ғана піскен бөлке нан мен өзге өнімдер кісіні ішпей-жемей тоғайтады. Нан өндірудің әрбір процесі санитарлық-гигеналық талаптармен тығыз үндеседі. Ал германдық сүт зауыты – көп жерде кездеспейтін жаңалық. Дүниежүзілік бастаушы өндірушілердің озық технологияларын қолдана отырып, табиғи компоненттері барынша толық сақталған экологиялық таза өнім өндіру сүт зауыты ұжымының негізгі міндеті есептеледі. Мұнда сүт, айран, қаймақ, сары май, ірімшік басқа да сүт өнімдері консерванттар, дәмдеуіштер қосылмай шығарылады. Бұл өз кезегінде тұтынушылар талғамынан табылуда.








Қоғамның соны ерекшелігі машина-трактор паркін жаңалауға барынша мән беруінде десек, жарасымды. Егер аудан көлемінен су жаңа экскаваторлар, бульдозерлер, алып жүк тасушы, өзге де көліктерді жолықтырсаңыз «РЗА» АҚ-ның техникасы десеңіз, қателесе қоймайсыз.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

# ЖОЛАУШЫНЫҢ ЖАЙЫН ОЙЛАП...

**Тауар мен қызмет көрсету бағасы түрлі факторлар әсерінен күн санап өсіп бара жатқанда мына кезеңде «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Тұлпар-Тальго» жүрдек пойызымен қатынауға күзгі маусымдық жеңілдіктер жариялады. Бұл – жолаушыға қызмет көрсетудің сапасын арттыру, жаңа қалыпты сервистік жағдайлар енгізудегі көп қадамның бірі ғана.**

Жолаушы тасымалындағы жағымды жаңалыққа келсек, үстіміздегі жылдың 17 қыркүйегінен бастап аталған жүрдек пойыздағы «Гранд» және «Бизнес» класты вагондарға 20-дан 40 пайызға дейінгі, ал «Турист» класы бойынша 10-нан 25 пайызға дейінгі жеңілдіктер іске қосылды.

«Бағаны төмендетудегі мақсат – жолаушылар ағынын арттыру. Жалпы, бұдан бұрын «Тұлпар-Тальгоның» қызметін билет қымбаттығына байланысты дұрыс пайдалана алмай келгендер үшін тамаша мүмкіндік дер едім. Олар аталған пойыздың сапасын бағалауға мүмкіндік алады», – дейді бізбен әңгімесінде «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» өңірлік филиалының директоры Мұрат Қаналин.

Мәселен, «Астана-Қызылорда» бағытындағы №89/90 пойыздарын алайық. Егер ондағы билет құны бұрын «Турист» класы үшін 15 мың теңге болса, бүгінгі таңда оны 11 мың теңгеге, тіпті одан да төмен бағаға сатып алуға болады. Бұл діттеген жерге 31 сағаттан астам жүріп баратын субсидияланған кәдуілгі пойыз билеті құнымен пара-пар. Ал жүрдек пойыз бұл екі араны 22 сағат жүреді. Демек, бағаның арзандауы жолды 1,5 есе қысқартады деген сөз.

Жолаушы Қызылорда бағытына билетті күні бұрын, айталық бір ай бұрын сатып алу арқылы қалтасындағы қаржысын әжептәуір үнемдейді. Онда жолақы шығыны небәрі 7,5-8 мың теңгеге түспек. «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның былтыр енгізген тарифтерді оңтайлы реттеу жүйесі – халықаралық үздік тәжірибеге сай келеді. Аталған бағдарлама бойынша билетті сатып алу мерзімі мен жолаушылар ағынына орай жолақысын да оңтайлы өзгертуді қарастырады. Яғни, жолаушы сапарды ертерек жоспарлау арқылы билетті негізгі сомадан 35 пайызға дейін төмен бағаға ала алады. Осы тұста пойыздың жүру уақыты жақындаған сайын және сұраныстың өсуіне орай билет құнының да өсе беретінін ескерген жөн.

Бүгінде осындай динамикалық тарифтік реттеулер «Тұлпар-Тальго» пойызының «Астана-Алматы», «Алматы-Петропавл», «Астана-Атырау», «Алматы-Шымкент», «Алматы-Ақтөбе», «Астана-Защита» (Өскемен), «Алматы-Защита» (Өскемен), «Алматы-Атырау», «Астана-Шымкент», «Ақтөбе-Астана» және «Астана-Қызылорда» бағыттарында жолға қойылған.

Еске сала кетейік, мүмкіндігі шектеулі жандар мен оларды ертіп жүрушілерге жасақталған арнайы орындар үшін динамикалық тарифтік бағыт қарастырылмайды. Алайда, оның орнына атаулы санаттағы жолаушыларға базалық тариф бойынша 50 пайыздық жеңілдік жасалады.

Бұған қоса, тұтынушы «Тұлпар-Тальго» пойызында икемді жеңілдіктерге арналған дисконттық картаны да пайдалана алады. Олар: «Құрмет» – 60 жас және одан жоғары жастағы адамдар мен «Жастар» – 16 мен 25 жас аралығындағы жолаушыларға 30 пайыз көлемінде, «Саяхатшы» – тұрақты жолаушылар жүрдек пойыз билеті үшін жыл бойы (12 айда) 100 000 мен 150 000 теңге аралығында ақша жұмсаған болса, оларға – 10 пайыз, 150 000 мен 200 000 теңге аралығында шығын шығарғандарға – 15 пайыз көлемінде, ал 200 001 теңгеден артық жұмсағандарға 20 пайыз жеңілдік бар. Нәтижесінде дисконтты картасы бар жолаушы, мәселен «Құрмет» немесе «Жастар» жаңа жеңілдіктер жүйесі бойынша «Гранд» және «Бизнес» класқа жалпы көлемі 70 пайыздық төмен бағамен билет ала алады.

Жеңілдетілген бағаға билет ұсыну барысында ұлттық тасымалдаушы оған оңай қол жеткізудің де жолдарын ұсынады. Жолаушыға енді әдеттегідей вокзалға барып, кезекке тұрып, уақыт жоғалтудың еш қажеті жоқ. Өткен 2014 жылдан бері «ҚТЖ» ҰК» АҚ электронды билет сату жүйесі жұмыс істеп келеді. Жолаушы билетті ғаламтор (интернет) арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ресми сайтынан және вокзал мен қоғамдық орындарға қойылған терминалдар арқылы алады. QIWI-терминалдарының мүмкіндігіне орай, «Касса-24» жүйесінен билетті дайын ақшаға немесе карточка арқылы да алуға болады.

Сондай-ақ, іссапарға шығып бара жатқан азаматтар теміржол кассаларына жүгінбесе де болады. ҚР Салық кодексінің жаңа нормалары күшіне енгелі бері жолаушы іссапар есебі бойынша бекітілген ресми бланктағы теміржол билетін көрсетпей-ақ қойса да болады. Кәдуілгі қағазға басып шығарған е-билеті, мобильді терминал арқылы жолсерік берген жол жүру билеті мен төлем квитанциясы болса жеткілікті.

Электронды билетпен жол жүрген жағдайда, егер жолсеріктің мобильді терминалы болмаса, жолаушы іссапар құжаттарын тапсыру кезінде электронды билетпен бірге өткізетін счет-фактураны «Жолаушылар тасымалы» АҚ-нан алуға болады.

Электронды билет жүйесін пайдаланушылардың мұны жоғары бағалап жатқанын айта кету керек. Электронды билет жүйесін қолданушы қазақстандықтар саны күн сайын артып келеді. Ағымдағы жылдың 24 маусымында компания қызметкерлері Астана вокзалынан теміржол билетін электронды форматта сатып алған 10-миллионыншы жолаушыны күтіп алды. Мерекелік жолаушымыз – «Защита-Астана» жүрдек пойызымен Өскеменнен сапарлап келген Күләш Құнанбаева. Оған құнды сыйлық – iPhone 6 телефоны табысталды.

Электронды теміржол билеттері енді тек қалалықтарға ғана емес, алыстағы аудан тұрғындарына да қолжетімді. Биыл «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен «Қазпочта» АҚ Ақтөбе қаласындағы почта бөлімшелері арқылы Ақтөбе облысының барлық аудандарына электронды билет жеткізіп беретін бірлескен пилоттық жобаны іске қосты. Айта кетейік, «Қазпочтаның» үлкен қалалардан шалғайдағы ауылдарға дейінгі ауқымды қамтыған 3000-нан астам бөлімшесі бар. Үстіміздегі жылдың соңына дейін жаңа қызметті «Қазпочтаның» Қазақстан территориясындағы барлық бөлімшелерінде жүзеге асыру көзделіп отыр.

Ең бастысы, «Жолаушылар тасымалы» АҚ үстіміздегі жылдың сәуір айынан бастап «Тұлпар-Тальго» пойзындағы жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттырудың кешенді жоспарын іске қосты. Бұл әсіресе, «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі қарсаңында ерекше маңызды. Оның үстіне теміржол транспорты республикадағы транспорттық-логистикалық жүйеде маңызды рөл атқарады. Бүгінде ол жалпы жолаушылар тасымалының (авиация мен автотасымалды қосқанда) шамамен 50 пайызын қамтиды. Тек өткен жылдың өзінде ғана 100-ден астам бағыт бойынша 20 млн адам көліктің осы түрін қолданғанын арнайы атап өтуге болады.

Бірінші сатыда жолсеріктер мен пойыз басшыларының біліктілігін арттыру ісі ұйымдастырылды. Қызмет көрсетуші мамандарды даярлайтын арнайы жасақталған оқу орталықтарында кәсіби жаттықтырушы-консультанттар жұмыс істейді. Жаттықтырушы-консультанттар тек теориялық білім беріп қана қоймай, теміржолшылардың жұмыс орындарына барып, маңызды сәттерде жәрдем беріп, күтпеген оқыс жағдайда қалай қимылдау керектігін үйретеді.

Жолаушымен қарым-қатынас этикасы, сөйлесу мәдениеті, қызмет көрсету тәртібі, лингвистикалар, конфликті ситуациядан шығу, сондай-ақ мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеру сынды сұрақтар басты назарда.

Қазіргі күні еліміздегі білім беру орталықтарында 1000-нан астам жолсерік пен пойыз басшылары біліктілігін шыңдауда. Сонымен қатар, 240 адам арнайы ағылшын тілі курсын бітіргендігі жайлы сертификат алды.

2017 жылы Астана қаласында өтетін «ЭКСПО» көрмесі кезінде әлемнің әр тарапынан келетін миллиондаған туристерді қабылдау үшін қызмет көрсету сапасын жаңа сатыға көтеру маңызды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметкерлері жолаушылар арасында сауалнама жүргізіп, олардың ұсыныс-тілектерін анықтады. Сондай-ақ, шетелдік әріптестер тәжірибесіне талдау жасалды. Сауалнама нәтижесіне орай, «Тұлпар-Тальго» пойызының барлық класты жолаушыларына қызмет көрсетудің жаңа жүйесі ұсынылды.

Алдағы уақытта ішкі Wi-Fi ұйымдастыру жоспарлануда – жолаушылар онлайн-кинотеатрға қосылған мультимедиалық көңіл көтеру порталы арқылы лицензиялық фильмдер, музыкалық бағдарламалар, жаңалықтар және т.б. тамашалай алатын болады. Ыңғайлы болу үшін «Тұлпар-Тальгомен» сапарлап келген жолаушыға Астана мен Алматы және барлық облыс орталықтарында такси шақырып беру қызметі ұсынылады.

Нақты кезеңде «Жолаушылар тасымалы» АҚ вагон парктерін жаңартуға ерекше көңіл бөліп отыр. Мемлекеттік транспорт жүйесінің инфраструктурасын дамыту және интеграциялау бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2010 жылдан күні бүгінге дейін ұлттық тасымалдаушы компания 600-ден астам құрамды жаңартып үлгерді, оның 300-ден астамы отандық «Тұлпар-Тальго» ЖШС-да жасалған.




Сонымен қатар, 700-дің үстінде жолаушылар вагонын алу, соның ішінде 710 дана «Тальго» вагонын алу жоспары бар. Компания осы жылдың соңына дейін 84 дана вагон сатып алуға ниеттеніп отыр.

Пойыздың қауіпсіз болуымен қатар, жайлылығы да маңызды. Пайдаланудағы вагондар жылу жүйесімен және ауа тазартқышпен қамтылған, жоғары сапалы қызметтік құралдармен жабдықталған. «Жолаушылар тасымалы» АҚ былтыр бесінші рет №34/44 «Тобыл» фирмалық пойызын жолға салды. Оған дейін «Тұлпар-Тальго» «Бәйтерек», «Отырар», «Маңғыстау», «Каспий» пойыздары пайдалануға берілген болатын.

Бұл пойыздарда стандартты қызметтен бөлек қосымша сервис көрсетіледі. Олар: санитарлық-гигиеналық заттар, шай жабдығы, балаларға қажетті бұйымдар, мерзімді баспасөздің жаңа нөмірлері және вагон-мейрамханасының ауқымды мәзірі.

Жолаушы пойызға электронды билет арқылы отырғызылады, ірі станциялардан қозғалған сәтте монитордағы видео (аудио) роликтер арқылы жол жүру ережелері мен басқа да пайдалы ақпараттар таратылады. Сондай-ақ, жылжымалы құрам мүмкіндігі шектеулі жолаушылар үшін арнайы сатымен қамтылған.

Міне, осы жаңалықтардың барлығы қызмет сапасын арттыруға бағытталған. Жолаушының пікірі, ескертпелері мен ұсыныстары теміржол магистралі жұмысшыларының қаперіне алынуы міндет.

«Біздің компанияның міндеті – халықтың қалауын қанағаттандырып, қолжетімді жолаушылар тасымалында қауіпсіз әрі сапалы қызмет көрсету. Ал бұл тұтынушымен тығыз байланыссыз, қызмет сапасын арттырусыз жүзеге асуы мүмкін емес», – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Батыс» өңірлік филиалының директоры Мұрат Қаналин.

**Рүстем АРЫСТАНБАЙ.**

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

**«Шиелі ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120700, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі 6 үй, анықтама үшін байланыс телефондары: 8(724)-32-41577, электронды. пошта akimat_shieli@mail.ru**

**«Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:**

**1. «Шиелі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы E-R-5 санаты, 1 бірлік.** Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 49969 теңгеден 67907 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** 1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, облыс, аудан әкімінің шешімдерінің орындалуына бақылау жасау.

2. Ұлттық, қолтанбалы спорт және ұлттық ойындарының дамуына жағдай жасау, уәкілетті органға осы спорт түрлерінің даму барысы жайлы мәліметтер беріп отыру.

3. Бөлімнің ұйымдастыру-әдістемелік ұсыныстарын жүзеге асырады, спорт түрлерін дамыту бойынша материалды талдап, қорытындылайды.

4. Спорттық іс-шараларды дайындайды және өткізуге қатысады.

5. Бөлімінің кадр есебін жүргізу, бөлімдегі құжаттардың құндылығын сараптау, оларды реттеу, мұрағатқа тапсыру.

6. Салалық формаға байланысты статистикалық есеп жүргізеді

7. Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ай сайынғы ақпаратты дайындап, бұқаралық ақпарат құралдарына ұсынып отыру.

8. Аудан тұрғындарымен мекеме қызметкерлері арасында Президенттік сынама өткізеді.

9. Азаматтардан келіп түскен өтініштерді орындау, тиісті орындарға мәлімет беріп отыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Білім (дене шынықтыру және спорт) мамандығы бойынша жоғары немесе білім беру (дене тәрбиесі және спорт) мамандығы бойынша ортадан кейінгі білім.

Жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

**2. «Шиелі кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жер қатынастары жөніндегі жетекші маманы, E-G-4 санаты, 1 бірлік.** Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 47406 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** Қазақстан Республикасының заң актілерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларының, облыс, аудан әкімдігі қаулыларының, облыс, аудан, кент әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын қамтамасыз ету. Жер учаскелерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстардың және шешімдерінің жобаларын дайындайды. Мемлекеттік қажеттер үшін жер учаскелерін алу оның ішінде сатып алу жөнінде ұсыныстар дайындайды. Жерге орналастыруды ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту, жерді аймақтарға бөлу, елді мекендер аумағының жер шаруашылық орналастыру жобаларын, жер саудасанаттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуге қатысады. Азаматтардың ұсыныстары мен арыз-шағымдарын қарап, олар бойынша тиісті шешімдер қабылдау.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары немесе ортадан кейінгі қызмет көрсету мамандықтары (жерге орналастырушы, кадастр) не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

**3. «Жуантөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық есебін жүргізу, әлеуметтік саланы дамыту жөніндегі бас маманы E-G-3 санаты, 1 бірлік.** Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 53813 теңгеден 72331 теңгеге дейін (экологиялық коэффицентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

1.Қазақстан Республикасының Заңдарын, Үкіметтің Қаулыларын, облыс, аудан және ауылдық округі әкімінің қабылдаған шешімдерінің орындалуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

2.Қызметтік тапсырмаларды, ішкі еңбек тәртібі ережелері мен тәртіптерінің сақталуы және орындалуын қамтамасыз ету.

3. Ауылдық округі әкімінің аппаратына келіп түскен бақылаудағы хаттары мен іс қағаздарын сапалы орындау мен Қазақстан Республикасы Заңдарында қаралған тәртіп пен мерзімінде жұмыс жасаумен қатар ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын сараптау және оған бақылау жасауды ұйымдастыру.

4. Ауылдық округі әкімінің аппараты жанында өткізілетін жиналыс материалдарын жасауға қатысу, мәселелер ұсыну, заңдылықтарға сәйкес жұмыс жоспарларын әзірлеп, ауылдық округі әкімінің бекітуіне ұсыну, мемлекеттік бағдарламаларының орындалуына атсалысу.

5. 6-ө (фермер) Шаруа (фермер) қожалықтарында пайдаланатын жердің және егістік алқабының нақты бары туралы мәліметтер, 7-ө (халық) Үй шаруашылықтарында пайдаланатын жердің нақты бары туралы мәліметтер, 4-аш Себілген егіннің қортындысы туралы жылдық есеп, 29-аш ауылшаруашылығы дақылдарын жинау туралы жылдық есеп формасы статистикалық есептерін уақытылы тапсыру, ауылдық округ бойынша шаруашылық кітапты толтыру, өзгерістер енгізіп отыру.

6. Қазақстан Респбликасы Үкіметінің, облыстың немесе ауданның бекіткен мемлекеттік бағдарламарының орындалуына атсалысады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, статистика, қаржы, есеп және аудит, менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе гуманитарлық білімі. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі қызмет көрсету, экономика және басқару (экономика, статистика, қаржы, есеп және аудит, менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару) білімі барларға рұқсат етіледі.

**4. «Жөлек ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қаржы салысы жөніндегі (есепші) жетекші маманы, E-G-4 санаты, 1 бірлік.** Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 47406 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** 1.Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет қаулыларының, облыс, аудан және ауылдық округі әкімінің қабылдаған өкім, шешімдерінің орындалуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

2. Ауылдық округі әкімі аппаратының бухгалтерлік есеп жұмыстарын жүргізу, тауарлы-материалдық құндылықтарын және негізгі қорларын есепке алу, қызметкерлердің еңбекақыларын, салықтарды және басқа да төлемдерді есептеу және уақытылы аудару, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын, тиісті бюджеттік бағдарламалардың әзірленуін, олардың уақтылы әрі мақсатты атқарылуын және ауыл әкімін және аппарат қызметкерлерін материалдық-техникалық, кеңсе және шаруашылық тауарларымен қамтамасыз ету.

3. Ауылдық округі әкімі аппаратының банк-қаржылық операцияларын жүргізу, бухгалтерлік есептемені жасау, ауылдық округі әкімі аппаратындағы мүліктердің (негізгі құрал-жабдықтар) жанар-жағармайдың есебін жүргізеді.

4. Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, салық, қазынашылық басқармалары және тағы басқа да қаржылық органдарымен байланыс жасау.

5. ҚР Үкіметінің, облыстың немесе ауданның бекіткен мемлекеттік бағдарламаларының орындалуына атсалысу.

6. Мекеменің стратегиялық жоспарын, бюджеттік өтінімдер дайындау, мемлекеттік сатып алуға жылдық жоспар дайындап, Web порталға енгізу және есебін беру, қаржы-шаруашылық жұмыстары мен бухгалтерлік есептемелерін жасау. Қаржы бөліміне, статистика бөліміне, салық басқармаларына ай сайынға, тоқсандық, жылдық қорытындылар бойынша бухгалтерлік есеп беру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Білімі-жоғары немесе ортадан кейінгі әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, есеп және аудит, менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе техникалық (есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету) не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

**5. «Майлытоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық есебін жүргізу, әлеуметтік саланы дамыту жөніндегі жетекші маманы E-G-4 санаты, 1 бірлік.** Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 47406 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарын, Үкіметтің Қаулыларын, облыс, аудан және ауылдық округі әкімінің қабылдаған өкім шешімдерінің орындалуын жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Әскер қатарына шақырылғандарды сараптамадан өткізу, тиісті құжаттарды даярлау, әскер қатарына шығарып салу, сонымен қатар жастарды патриоттық отан сүйгіштік рухта тәрбиелеу. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылғандарды есепке алуды ұйымдастырады. Ай сайын тіркелген немесе тіркеуден шыққан әскери борышкерлердің тізімін Қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жолдау. Төтенше жағдайларды болдырмаудын алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

Елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау. Елді мекен аумақтарында санитариялық тазалауды ұйымдастыру. Тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы аурулары пайда болған жағдайда, бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімдер қабылдау. Тиісті аумақта жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеннен кейін бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ұсынуы бойынша карантинді немесе шектеу іс-шараларын тоқтату туралы шешімдер қабылдау.

Ішкі саясат бөлімімен жұмыс жасау. Ауылдық округтегі Үкіметтік емес ұйымдардың, ауылдық жастар саясатының, мемлекеттік рәмізздерді зерделеу, насихаттау және қолдану жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыру.

Аудандық ветеринария, ауылшаруашылық бөлімдерімен жұмыс жасау.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары немесе ортадан кейінгі әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика, қаржы, есеп және аудит, менеджмент, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе құқық (құқықтану) немесе білім немесе гуманитарлық немесе ауылшаруашылық (агрономия) немесе техникалық ғылымдар және технологиялар не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

**6. «Сұлутөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қаржы саласы жөніндегі (есепші) жетекші маманы E-G-4 санаты, 1 бірлік.** Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы 47406 теңгеден 64704 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:** Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының, Үкімет қаулыларының, облыс, аудан және ауылдық округі әкімінің қабылдаған өкім, шешімдерінің орындалуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Ауылдық округі әкімі аппаратының бухгалтерлік есеп жұмыстарын жүргізу, тауарлы-материалдық құндылықтарын және негізгі қорларын есепке алу, қызметкерлердің еңбекақыларын, салықтарды және басқа да төлемдерді есептеу және уақытылы аудару, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын, тиісті бюджеттік бағдарламалардың әзірленуін, олардың уақтылы әрі мақсатты атқарылуын және ауыл әкімін және аппарат қызметкерлерін материалдық-техникалық, кеңсе және шаруашылық тауарларымен қамтамасыз ету. Ауылдық округі әкімі аппаратының банк-қаржылық операцияларын жүргізу, бухгалтерлік есептемені жасау, ауылдық округі әкімі аппаратындағы мүліктердің (негізгі құрал-жабдықтар) жанар-жағармайдың есебін жүргізеді. Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау, қаржы, салық, қазынашылық басқармалары және тағы басқа да қаржылық органдарымен байланыс жасау. ҚР Үкіметінің, облыстың немесе ауданның бекіткен мемлекеттік бағдарламаларының орындалуына атсалысу. Мекеменің стратегиялық жоспарын, бюджеттік өтінімдер дайындау, Мемлекеттік сатып алуға жылдық жоспар дайындап, Web порталға енгізу және есебін беру,қаржы-шаруашылық жұмыстары мен бухгалтерлік есептемелерін жасау. Қаржы бөліміне, статистика бөліміне, салық басқармаларына ай сайынға, тоқсандық, жылдық қорытындылар бойынша бухгалтерлік есеп беру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары немесе ортадан кейінгі әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (қаржы, экономика, менеджмент, есеп және аудит, мемлекеттік және жергілікті басқару) не орта техникалық немесе кәсіптік білім.

**Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:**

1) нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Шиелі ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120700, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 6 үй, № 12 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Шиелі ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 6 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару (кадр қызметі) қызметі бөліміне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

**E-R-5, E-G-3, E-G-4- санаттары үшін тестілеу бағдарламасы:** мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ), «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

**«Шиелі ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.**

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 22746
Тапсырыс № 1012
Электронды оқылым – 28000.